








# „ Трактор және автомобиль “ зертханасында студенттерге арналған техникалық қауіпсіздік ережесі










1. **Жарақаттанудың негізгі себептері**
2. **Машина- трактор агрегаттарының жұмысына қарай жарақаттануы**
3. **Өндірістік жұмыстар кезінде техника қауіпсізідігі**
   **а) Жұмыс алдында**
   **ә) Машина тіркелетін тракторда**
   **б)Трактор жүріп келе жатқанда**




**4. Электр қауіпсізідігінің ережелері**
**5. Өртке қарсы қауіпсізідік ережелері**
**6.Сәтсіздікке душар болғандарға алғашқы жәрдем**

**Жарақаттанудың негізгі себептері:**

- *Еңбек ережелері мен қауіпсіздік техникасын орындамауы;*
- *Нұсқаусыз жұмыс істеу;*
- *Техникалық бақылаудың болмауы;*
- *Машиналар мен құралдардың пайдалану ережелерін сақтамауы;*
- *Еңбекті дұрыс ұйымдастырмау;*
- *Бірлесіп жұмыс атқарғанда еңбек тәсілдерін өз ара келісіп атқармауы;*
- *Еңбек пен демалыс кезектерін бұзуы;*
- *Жұмыс істеп жүргендердің тәртіп сақтамауы жатады;*

**Машина- трактор агрегаттарының жұмысына қарай жарақаттану мыналардан болады:**

- *Жұмыс барысында өзге заттардың болуы;(қалта телефоны, наушниктер және де жұмысқа кедергі жасайтн бөгде заттар)*
- *Тракторлар мен машиналарды жүргізуге правосы жоқ адамдар басқарған жағдайда;*
- *Тракторлар мен машиналардың нашар күйде болуы;*
- *Қорғау қондырғыларының дұрыс орнатылмауы;*
- *Агрегаттағы мехнизаторлардағы сигнал беретін құралдардың жоқ болуы;*
- *Жұмыс киімнің болмау;(жеке баст қорғайтын респираторлар мен сақтану көзілдіріктері, шлемдер, жұмыс киімдерінің болу шарт)*
- *Белгіленген жерде  дем алу;*
- *Агрегатты баптайтын адам жұмыс істейтін аймақтағы ауа райының қолайсыз болуы мен санитарлық жағдайлардың сақталмауы;*
- *Агрегаттарды өз қалпында дұрыс құрастырмау;*

Агрегаттармен механикаландырылған жұмыстарды орындау үшін арасы алшақ жерлерге барады, көп жағдайда олардың жыра, өзен және шұңқыр, тау беткейлері мен басқада қауіпті орындауға тым таяулап жүрулеріне тура келеді. Агрегатты бірнеше адам баптағанда бірін-бірі жарақаттап алмауы үшін өз ара келісіп жұмыс істеудің маңызы зор.



**Өндірістік жұмыстар кезінде техника қауіпсізідігі:**

**Жұмыс алдында:**

- *Қозғалтқышты іске қоспас бұрын, жылдамдық қорабын (нейтральное) бейтрап деңгейіне қою керек.*
- *Егер стартер болмаған жағдайда маховикке оралатын жіптің бір бетіне қатты ағаш орау қажет. Ескерту: Жіпті қолға орауға тиым салынады.*
- *Тракторшы кабинаға кірмес бұрын аяқ киімін тазалауы қажет.*
- *Егер жолда бөгде заттар мен адамдар болған жағдайда жүрісті бастауға рұқсат етілмейді.*



**Машина тіркелетін тракторда:**

- *Кері жүріс барысында абайлап, жұлқып- тартпай, муфта педалін аяқты көтерместен тіркейтін машинаға таяу қажет.*
- *Трактор мен машина аралығында адам тұрып қалмау керек.*
- *Машина толық тоқтағаннан кейін ғана тіркемені қосу қажет.*
- *Агрегатты жүргізбес бұрын трактор мен машина астында және олардың аралығы мен жақын аймағында тұрып қалған адамдардың бар- жоғын қарап алып, агрегат машинасындағы тіркеуші адамға тиістісі сигнал аралық хабарласқаннан кейін ғана агрегатты жұлқып- тартпай, жайлап жүргізе бастайды.*
- *Тракторларды аспалы машиналарды көтеріп, транспорт жағдайында келтірілгеннен кейін бұруға болады. Бұрылу барысында адамның тұрып қалмауын қадағалау қажет.*

**Трактор жүріп келе жатқанда:**

- *Жүріп келе жатқан тракторға түсіп кетуге, тракторға мінуге немесе одан машинадан ауысуға, шаң тозаңнан тазартуға, ақауларын жөндеп, реттеуге болмайды.*
- *Агрегатпен жұмыс істегенде жоғарғы жылдамдықта шұғыл бұрылыста жасауға рұқсат етілмейді.*
- *Агрегаттарды бақылаусыз қалдыруға болмайды.*
- *Найзағаймен кезінде машиналармен жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.*
- *Ақауы бар құрал- саймандар мен тетіктерді пайдалануға болмайды.*
- *Суымаған дизель радиаторын қолмен абайлап аса сақтықпен жайлап бұрап алған жөн.*
- *Этилденген бензин мен электролитті ерекше сақтықпен пайдалану керек..*
- *Шиналарға жел толтырарда ауа қысымын арнаулы манометрмен әлсін-әлсін тексеріп отырады.*
- *Жүргізуді аяқтаған соң оқушы трактордан түспен бұрын ең алдымен берілістерді ауыстырып қосқыш рычагтарды бейтарап жағдайға келтіріп қоюға міндетті.*

**Электр қауіпсізідігінің ережелері:**

- *Электр жабдықтары және барлық электр жүйесі түзік күйде және сенімді изоляцияланған болуға тиіс. Корпустарды жақсылап жермен немесе нөльмен жалғастыру қажет.*
- *Жұмыс орнында бір жерге жарық беретін шамдар, жылжымалы электр шамдары қауіпсіз кернеулі тоқпен (12- 36в )қоректенділіп изоляцияланатын саптармен жабдықталады.*
- *Электр жабдықтарының қоршауын, қабын ашуға,алып тастауға және электр тетіктерін дербес іске қосуға және жөндеуге рұқсат етілмейді.*
- *Жылжымалы электр сымдары мен шлангаларды аяқпен басуға болмайды.*



# Өртке қарсы қауіпсізідік ережелері:

**Өрт шығудың басты себептері:**

***Майлы шүберек, қағаз сияқты өндіріс қоқыстарына от ұшқынының түсуі;***

***отты пайдалану кездегі, салақтық;***

***қатты отын үйіндісінің ішіндегі майлы шүберектерінің өз- өзінен тұтанып жануы, электр сымдарының бір- біріне тиіп келте шағылысуы бола алады.***






**Өрт болдырмау үшін мынадай шаралар қолдану қажет:**

- *Жұмыс орнын қоқыстпай, тәртіппен жинап, таза ұстау.*
- *Отты, қыздыру аспаптарын және тез тұтанатын заттарды пайдаланғанда өте сақ болу.*
- *Жұмыс аяқталған соң электр жүйесін тоқтатып бөліп, аспаптардығ шамдарды сөндіру керек.*
- *Тракторларға отын беру және бөлшектерді майлау барысында қауіпсізідік ережелерін қатаң сақтау.*
- *Отын бактарындағы май деңгейін ашық жарық көздерімен тексеруге қатаң тиым салынады.(факел, спичка)*
- *Тракторға май беру барысында қозғалтқышты сөндіру қажет.*
- *Тракторлар мен өздігімен жүретін машиналарға жанар майды күндіз құю қажет.*
- *Жанар май құятын пунктте темекі тартуға, оттық ашық пайдалануға болмайды.*
- *Жұмыс кезінде трактордың жанындаот жағуға немесе қатып қалған моторды ашық отпен жылытып оталдыруға, сол сияқты жанып тұрған отқа май сіңген киіммен жақындауға болмайды.*

Өрт шыға қалған жағдайда  өрт сөндіргіш команда келіп жеткенше  ең қарапайым құралдарды өрт сөндіргішті, өрт краны мен шлангаларды, құмды, т.б. пайдалану қажет.

Жанып жатқан металдарлды, аз мөлшерде сұйық заттарды құммен сөндіру ұсынылады; керосиннің, бензиннің, лактың, ацетонның жануы өрт сөндіргіш көбігімен өшіруге болады, трактор майлайтын майлардың жануын суды немесе көбікті қатты бүркіп тоқтатуға болады.



**Сәтсіздікке душар болғандарға алғашқы жәрдем:**

- *Электр тоғымен зақымданған адамд ток әсерінен тезірек босату керек; бұл үшін зардап тартқан адамға жанасып тұрған электр қондырғысы бөлеген жүйеден дереу үзіп тастау қажет. Дереу дәрігер шақырылады.*
- *Егер зардап шеккен адам  есінен айырылса, оны ыңғайна жатқызып, киімдерінің түймелерін ағыту арқылы таза ауамен тыныс  алуына жағдай туғызу керек;*
- *Егер зардаптартушы тыныс ала алмай жатса онда дереуқолдан тнс алғызу шараларын қолдану қажет.*
- *Бұдан кейін зардап тартқан адамды жақын жердегі емдеу орнына тез жеткізу немесе дәрігер шақыру керек.*




ИНСТРУКЦИЯ ПО ОХРАНЕ ТРУДА ПРИ РАБОТЕ НА ТЮКОВОМ ПРЕСС-ПОДБОЩИКЕ
ЗАПРЕЩАЕТСЯ:
ЗАПРЕЩАЕТСЯ:
ЗАПРЕЩАЕТСЯ:
ЗАПРЕЩАЕТСЯ:
20

# ИНСТРУКЦИЯ ПО ОХРАНЕ ТРУДА ПРИ РАБОТЕ НА ТРАКТОРЕ

